

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖЫРШЫЛЫҚ ДӘСТҮР ЖӘНЕ
ИТАЛМАС АҚЫННЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

DOI: 10.36719/AEM/2007-2019/48/22-26

Роза Жумабайқызы Есбалаева

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Roza-roza_78@mail.ru

Кілт сөздер: Италмас мұрасы, жыр-дастан, назира жанры

Key words: Italmas heritage, Zhyr-dastans, Nazir genre

Ключевые слова: наследие Италмас, жыр-дастаны, жанр Назира

Қазақ әдебиетінің тарихында өлең, жыр шығаратын, қисса, толғау, дастан айтатын адамдар “жырау”, “жыршы”, “ақын”, “өлеңші” “термеші” деп аталды. Бұл дәстүр қазақ ауыз әдебиетінен бастау алып, ХҮ-ХҮІІІ ғасырда кең тарап, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басына дейін жырау, жыршылар халық арасында көптеп кездесті. ХХ ғасырда жыршы, жыраулар саны сиреп, ақын, термешілердің саны артты. Жыршылар жырды домбыраның не қобыздың сүйемелдеуімен, мақаммен, әнмен айтады, сондай-ақ эпикалық шығармаларды да орындайды. Олар бұрыннан белгілі халық дастандарын, поэмаларды айтып таратады. Кейбір жыршылар өз жанынан өлең-жыр да шығарады. Жыршыны халық ақынмен, әншімен, шешенмен қатар қойып қадірлеген. Қазақта Айса Байтабынов, Мұрын Сенгірбаев, Нұрпейіс Байғанин – нағыз жүйрік, танымал жыршылар. Осындай ғасырдың айтулы ақындарымен айтысқа түсіп, әдеби мұрасымен қазақ әдебиетінің тарихында есімі сақталған ақын-жыршылар қатарында Италмас Тұнқатарұлының шығармашылығы ерекше аталады. Италмас ақын - 1842 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданы, Бөген ауылы, бұрынғы «Екпінді» колхозында туылып, 1919 жылы өзі туып-өскен өлкеде қайтыс болған. Кей деректе 1854 жылы туылған деп беріліп жүр. ХІХ ғасырдағы Майлықожа, Сүйіндік, Жылқыбай, Кенжебайлармен деңгейлес, терме, жыршылық өнерді қатар алып жүрген ақын. Әдеби мұрасы қағазға қатталып, сақталып бізге жетсе де арнайы зерттелмеген. Келешекте ақын мұрасы ғылыми айналымға түсіп, арнайы зерттеледі деп сенеміз. Италмас ақынның қазақ жырларын, дастандарын жырлап әрі жеткізуші екендігін ақын жайында жазылған жазбалардан білеміз.

Ақын Көпбай Әлімбаевтың ақындығы арнайы зерттелгенде, Көпбайдың ұстазы ретінде Италмас Тұнқатарұлының есімін жазбалардан бірнеше рет кездестіруге болады. «...Көбекең жас кезінде өз ауылындағы, өз ағайыны Тұнқатарұлы Италмас ақынның өз аузынан: «Қамбар батыр», «Заһит ұры», «Шеризат-Күлшат», «Шылым», «Мекер айым» дастандарын есітіп жүреді де, 12-13 жасқа келгенінде бұлардың бәрін жаттап алады...» [1] – деп Көпбайдың Италмас ақынды өзінің ұстазы санағанын атап өтеді.

«...Қаратау өңірінен шыққан Италмас деген ақын өлеңдікі қолын артына ұстап тұрып айтады екен...» [2,287] - деп жазушы Ғабит Мүсірепов Кенен Әзірбаевтың үйіне қонаққа келгенде айтқан еді, -деп көрсетеді Төрткен Кенеқызы (ҚР-ның мәдениет қайраткері, ардагер ұстаз). Ақын ұлттық аспаптарда ойнай алмаған, сонда да болса айтысқа қатысып отырған. Орындаушылық өнерінде ешкімге ұқсамайтын қасиет болған. Шығармаларын орындаудың алдында түрегеліп, екі қолын артына қайыра, қапсыра ұстап тұрған күйде орындайтын болған.

Италмас ақын шығармаларын жинақтауға Қ.Амантаев сүбелі үлес қосты. Ол өзі ізденіп, халық ауызындағы шығармаларын ерінбей –жалықпай жинақтаумен қатар, сол кездегі ҚазССР Ғылым академиясының басшыларына бірнеше рет хат жазып, мұраларын жинақтап, жариялап, ғылыми айналымға түсіруге бернеше мәрте ұсыныстар жібереді. Өзіне ақын шығармаларын ғылыми тақырып ретінде алып, зерттеуші ретінде тіркетуді сұранады. Бірақ өкінішке орай нәтиже бермеді.

Бүгінде ақын шығармашылығын жинақтап, жанрлық тұрғыдан топтастырғанда: термелері (Көлемі – бір жарым мың жол шамасында); Арнау, жоқтау өлеңдері (Көлемі – бірер мың жол мөлшерінде); Айтыстары. (Екі жүз жол мөлшерінде); Дастандары. Саны – бес дастан. (он бес мың жол шамасында). Олар: «Қамбар батыр», «Шора батыр», «Шылым», «Шеризат-Күлшат», «Мекер айым».

Италмас ақынның әдеби мұрасын сөз еткенде «Италмас ақын мен едім»[3] атты өлең жолына тоқталмай кете алмаймыз. Ақынның өмірі мен шығармашылығы, ұстанымы мен болмысы осы өлеңнен анық көрінеді. «Жеті жаста өлеңнің азабын тартып, он жеті жастан бастап ақындық болды амалым» деп жырлайды. Өзінің өмірімен қоса, ұрпаққа өсиет айтып, жақсылық пен жамандықты салыстыра отырып, ой қорытады. Өмірдің өткіншілігін, жалған дүниенің мәнін, кешегі мен бүгінді таразылап отырып, пәлсапалық ой қорытады. Өлеңнің соңында оқырманнан сөзімнің қатесі болса кешіре гөр деп кешірім сұрайды. Өлеңді көңілдің арызнамасы деп түсінеді.

Аяқ асты қалмасын,
Көңілімнің арызнамасы,
Тұнқатардың баласы.
Болғанда ерлер таласы... [3]

Ақынның руы Жалайыр. Оны жырында да өзі солай жырлайды. Алғашқында шағын өлеңдер жазып, арнаулар жазған.

Өзінің замандастарына да әртүрлі арнаулар арнап, жақсы қасиеттерін, адамгершіліктерін айта отырып, олардың шығармаларына да өз тарапынан баға берген.

Сүйінбай ақынның шәкірті Қожантай ақынға да ерекше назар аударса:

Шәкірті оның Қожантай,
Сөйлер сөзін қамдапты.
Үш мәрте барып Меккеге,
Алпыс күн шапса талмапты.

Ал, Италмас ақынның Құлмамбетті өлеңге қосу арқылы оның Майкөт ақынмен айтысынан соң, оның басына түскен қайғылы ауыр жағдайды аздап елестетіп өтеді.

Құлмамбет болды дүр ақын,
Қатарынан ірі ақын.
Өлең – жырға құныққан,
Мәкеңменен айтысып, Егес сөзге шыныққан.
Әруаққа шет болып,
Жүйкесін со ер құрытқан.
Алқалы топта шалдырмай,
Жүлдесін жеке алушы ед,
Алыс пенен жуықтан.
Көгені ердің жиылып,

Жүрегін топ боп суытқан[3] – деп сипаттайды. Бұл қазақ әдебиетіне де Мағжанның, С.Сейфуллин тағы басқа ақындардың әріптес-қаламгерлеріне арнау жазған ізгі дәстүрдің Оңтүстік өлкесінде де көрініс тапқандығының дәлелі. Сонымен қатар, бұл арнауларында жыршы-термешілердің өмірінен, шығармашылықтарына да кеңінен тоқталып кеткен.

Италмас оқи алмай қалған. Өзінің ерекше дарынымен көзге түседі. Ол алғаш айтыстарға қатысады. Алғаш бәдік айтыс, шағын арнау, өлеңдер шығарып айтып жүреді. Ол алғаш жан-жануарлармен айтысады. Алғаш рет түйемен айтысады.

Айтыс-импровизация дәстүріндегі жекпе-жек өнер сайысы, сөз бәсекесі. Айтыстың ең алғашқы түрі- елдің байырғы тұрмыс салтына байланысты айтылып келген «Жар-жар», «Бәдік» айтысына, яки жеңіл-желпі қайымды қағысулар, әзілді шекісулер екендігі. Ертеден жалғасып келе жатқан бұл дәстүрлі сайысқа қатысу үшін кәрі-жас, үлкен-кіші, әйел-еркек деп әсте шек қойылмауы. Айтыс үстінде жеңу мақсатын көздей айтылған нендей ащы, ауыр сөздер де айып-кінә саналмайды, «әзілін жарасса атаңмен ойна», «күш атасын танымас», «сөз тапқанға қолға жоқ» тәрізді нақыл сөздер айтыс негізін құрайтындығы. «Қазыналы Оңтүстік» [4] көптомдығында ақын Италмастың алғашқы туындылары жарияланған. Шағын айтыстары да жарияланған.

Италмас жас кезінде Жалайыр Ереке дегеннің Анар деген қызымен айтысып көреді. Бірақ өкінішке орай айтыс сақталмаған.

Италмас ақынның терме, толғау, аңыздар мен эпикалық жырлардан «Шора батыр», «Қамбар батыр», «Мұңлық-Зарлық», «Шылым-Шеризат», «Мекер айым» атты дастандары бар. Ақын дастандарының ішіндегі сүбелісі - «Қамбар батыр» дастаны.

«Қамбар батыр» жыры. Қамбардың ұрпақтары, жерленген моласы туралы Қысыраубек Амантаев мынадай мәлімет береді: «Ескерту - “Батырлар жырындағы “Жақсылар, бастан айтайын” деп басталатын “Қамбар батыр” дастанын осы Италмас (Тұнқатарұлы) жазған. “Қамбар батырдың”

моласы Шаян ауданы, Қарасу деген колхозда, қазірде де бар. Сол маңда Ноғайлыдан келіп, Тазша деген елден қыз алып, өсіп-өнген. Сүлгетай (Ақмолда) деген ел де бар. Қамбар осы елден шығуы керек» [1]. Қысыраубектің өз қолымен жазылған «Түркістанда ноғай Естау Италмасқа келеді. Италмас ол кезде 30 жас шамасында екен (1872 жылдар шамасы). Бір кезде ноғай приставқа алып келеді. Италмас оған Қамбардың мазмұнын атып береді. «Осыны әдемі етіп, дастан етіп шығарып елге танытсаң, сені жоғары мәртебеге ие қылдырып, атағыңды жаям» дейді. Италмас мақұл деп уәде береді. Арада екі жыл өткенде Қамбарды бітіргенше ноғай пристав өліп кетеді. Қамбарды ноғай жаздырып алып, өзі әкетпекші екен» деген. «Дегенмен, Италмас жырлаған жыр нұсқасы кездеспеді, ол жырды орындаушы жыршылардың бірі болуы да мүмкін».[5,120].

Ақын жыр-дастандармен қатар бүлдіршіндерге арнап жұмбақ, жаңылтпаштар да шығарған[3]. «Тарғыл талпақ бас тана, Алты ала жанбас тана, Бес баспақ тана» немесе «Бір жайда үш қазан бар, түбі жазық,

Екеуі түбі жарық көрдім анық.
Ішіне балық салып қайнатқанмен,
Зәредей кетпейді екен жерге тамып» - деген жұмбақтар бар.

Италмас ақын термеші-жыршылар мектебінің өкілі болғандықтан, шығармаларында өсиет, насихат көптеп айтылады. Ақын шығармаларында кездесетін нақыл сөздерді адамның мінез-құлқы, бала тәрбиесі тағы басқа да бірнеше тақырыптарға бөлуге болады.

...Италмас ақын мен едім,
Қыздырған өлең базарын.
Заманымда өзіме,
Аудардым елдің назарын.
Хош көрсендер қарсы алып,
Азырақ терме жазамын...
Он үш жасқа жеткен соң,
Оңымнан тұрды самалым.
Он жеті жастан бер қарай,

Ақындық болды амалым... - деп ақын толғағандай жеті жастан бастап, ақындықтың арбасына мініп, «бала ақын» атанады. Ақын өз шығармаларына гуманистік ойларды арқау етіп, жастардың жаман мінез –құлықтан аулақ болуға шақырып отырады.

...Өңкей жақсы бас қосса,
Бітіреді кеңесті,
Өңкей жаман бас қосса,
Шығарады егесті,
Мәмілемен істі бітірер,

Жиналып қалса егесті – деу арқылы елдік мәселе, ұрпақ қамын тойлайтын келелі істерді ақылдасып, кеңесіп шешкен жақсы ел қамын ойлайтын азаматтардың ісі десе, ал жамандардың ісі егесу, араздастыру деп. Ел азаматтарын бітімгершілікке, ақылдылыққа шақырады.

...Қисық ағаш түзелер,
Тезге салып можаса.

...Ата-ананың қарызы, тәрбиелемек баланы.
Ғылымдарға оқытып, көңіліне ілім тоқытып,

Көрсетеді қаланы... – ақын барлық ата-ананың міндеті һәм борышы өз ұрпағына сапалы білім, саналы тәрбие алауына жағдай жасау. Барлық озық ойлар мен идеялар қалада деген пікірді сол 19 ғасырда-ақ, санаға сіңірген.

...Дұшпан кісі досының,

Түсіп жүрер ізіне... – дос пен қастың айырмасы, өмірдегі кездесетін қиыншылықтар мен тауқыметі көп кездескенде нағыз шынайы досты ажырата білу керектігіне тоқталады.

Сабыр –ақыл серігі.

...Басыңнан ауса заманың

Бір күн тайса табаның

...Айуан да болса жануар, ақылмен ойлап табады...

...Ынжық адам күңгейлеп,

Шорқақ келер сыр-сырлап.

Ақылды адам сүйкімсіз,

Күле бермес жырпылдап...

...Ақындардан шыққан сөз,

Алтынның гауһар бедері...

...Талап, білім, еңбексіз,

Қиынды қалай жеңбексіз?

Бос күлкіге салынып,

Жалқаулыққа малынып,

Жақсы атақ алған кім еді? [3] – ақынның бұл ойы А.Құнанбаевтың «Талап еңбек, терең ой» өлеңінде айтылтын «толық адам» туралы пікірімен астасып жатса керекті. Еңбексіз, білімсіз ешқандай да жетістікке жете алмайды деген гуманистік ойды білдірсе керекті.

Жалқау адам – белі бос,

Мойны тұрар былқылдап...

Ар мәселесінде Италмас ақын үлкен ойларға жетелейтін, ерекше тоқталу арқылы құнды пікірлер білдіреді. Ақынның адамгершілік жайлы, өмірде адам болып қалу туралы көзқарастары Ш.Құдайбердіұлының пікірлерімен ұштасып жатыр. Ақын өзі жадағайлау тұрмыс кешсе де, сарай ақыны болып, бай-бағландардың жырын жырлап кетпеді. Жасөспірім Италмасқа байдың түйесін бағып жүрген кезде, айдалада өлең қонады. Астындағы інгенімен ауылға жеткенше айтысып келеді. Жастайынан қасиет қонған ақын сол дарынын, қабілетін халық үшін, халықтық мұраларды дәріптеуге арнайды. Мал үшін сатылу, арын таптау ұлттың алдында тұрған үлкен қатер екендігін көрсете кетеді.

...Елге келген жұмысқа,

Жақсы жүрер қайысып,

Жаман жүрер майысып...

...Әркім болар ағайын,

Ықпалың менен бағына.

Арғымақ аттан артық деп,

Жабдық салма жабыға,

Қалдырар жауға тағы да,

Тұлпардай жабы шаба алмас,

Іс түскен басқа жағында... [3] - деген сөзі ағайындары ауызбіршіліктер ыдырап, Ескендір деген болыс ағайындарын өлтірген кезде, туыстарына қарата қапалықпен шығарылған арнауы еді. Ағайынның ынтымағы, бірлігі туралы толғап кеткен.

...Олбағайлық о жар боп,

Кесірің жұртқа тимесін.. - өзінің пікірін не болмаса елге тиер пайдаң болмаса да, залалың тимесін, орынсыз килігіп, топқа шауып жұртты әбігерге түсіргенше, тыныш жүргенің абзал деген ойлы пікір айтады.

Ақын шығармаларында өзіндік нақыл сөздерімен қатар, халық ауызында жүрген мақал-мәтелдерді де тиімді қолданған.

«Талапты ерге нұр жауар...», «... Жақсы сөзге – жарым ырыс», «Өнер алды – тіл...».

Ойымызды қорытар болсақ, қолжазба күйінде сақталып, «Қазыналы Оңтүстік» көптомдығына еніп, баспадан шыққан Италмас Тұңқатарұлы шығармашылығы көп ізденісті қажет етеді. Әдеби мұрасын саралап, айтыстарындағы шеберлікті, өлеңдеріндегі көркемдікті саралау келешектің еншісінде.

Дастандарында көркемдік айшықтарын айқындап, зерттеу өте қажет. Біз өз зерттеуімізде ақынның жырларындағы афоризимдерді алдық. Ол қанатты сөздерде халықтың шешендік өнері, ақынның өткір ойлары, ақынның көркемдік ізденісі анық байқалады.

Сондықтан, өлеңдерінде ойларын ерекше алып, ондағы халықтық сипатты, оның тағылымдық және танымдық мәнін ашуды мақсат тұттық.

Ақынның әдеби мұрасы мәңгі жасайды. Халықтың қазынасы сынды халықпен бірге жасайды. Ал, әдебиетшілер ақынның өлең өрнегіндегі өзіндік ойлары мен өрнегін саралап, көпшілік қауымға, келер ұрпаққа Италмас Тұңқатарұлы ақынның әдеби мұрасын өзіндік көркемдік деңгейінде жетуі үшін зерттеп, саралап, көркемдігін безбендейді.

Зерттеуді қажет ететін Италмас мұрасы туралы айтар ойымыз бір мақала көлеміне сыймайтындықтан, келешекте әдебиет тарихына қосылар тың мәліметтер қатарын толықтыратын боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Амантаев. «Көпбай-ірі ақын» https://vk.com/wall-86916569_5.
2. Қазақ Совет энциклопедиясы: Қазақ Советтік Социалистік Республикасы. Энциклопедиялық анықтама.-Алматы,1980.-752 б.
3. Тұнқатарұлы Италмасын шығармалары. ҚР ҰҒА қолжазбалар қоры. 566 папка, №1 дәптер.
4. Рақышева Ж.С. Дастандық эпостың басылымдық ерекшеліктері.// ҚазҰУ Хабаршысы Филология сериясы. №4(144). 2013.
5. Қазыналы Оңтүстік көптомдығы.-Алматы: «Нұрлы әлем». 2013. Т.93: 1-кітап.

The zhyrshy tradition in the Kazakh literature and literary heritage of the Italmas poet

Summary

The article discusses the national character and artistic value of the poems and verses Italmas Tunately. The poet's creativity is generalized from the thematic point of view, the poetic analysis is carried out. The poems analyzed didactic features determined by artistic features.

Традиция жыршы в казахской литературе и литературное наследие поэта Италмаса

Резюме

В статье рассматривается национальный характер и художественная ценность стихотворений и стихов Италмас Тункатарұлы. Творчество поэта обобщается с тематической точки зрения, проводится поэтический анализ. В стихах поэта анализируются дидактические черты, определяются художественные особенности.